

ЛОКОМОТИВОСБОРОЧНЫЙ ЗАВОД – ЭТО ПРЕДПРИЯТИЕ С БОЛЬШИМ ПОТЕНЦИАЛОМ И ВЫСОКОЙ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ КУЛЬТУРОЙ. СОТРУДНИКИ ЮРИДИЧЕСКИХ СЛУЖБ АО «НК «ҚТЖ» ПОЗНАКОМИЛИСЬ С ТЕХНОЛОГИЕЙ, ПРИМЕНЯЕМОЙ ПРИ ВЫПУСКЕ МАГИСТРАЛЬНЫХ ТЕПЛОВЗОВ. ЭТО СТАЛО ОБРАТНОЙ СВЯЗЬЮ МЕЖДУ ПРОИЗВОДИТЕЛЕМ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА И ЮРИСТАМИ, КОТОРЫЕ ПРОВОДЯТ ПРАВОВУЮ ЭКСПЕРТИЗУ ДОГОВОРОВ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА СОПРОВОЖДЕНИЯ КОНТРАКТОВ.



Ильяс ЕРНАЗАРОВ,
заместитель директора департамента правового обеспечения АО «НК «ҚТЖ»



№17 (2732)
11/03/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

УГОЛЬНЫЙ КОКС В КОНТЕЙНЕРАХ

АО «KTZ Express» впервые организовало перевозку угольного кокса по новой технологии Open top.

Айлин БАУРЖАН,
Нұр-Сұлтан


3 000 тонн угольного кокса впервые отправлено с казахстанской станции Павлодар в КНР по новой технологии доставки – в контейнерах типа open top. Организатор перевозки – дочерняя компания АО «KTZ Express» – ООО «Xinjiang KTZ International Logistics Co., LTD».

Контейнеры типа open top позволяют производить загрузку насыпных грузов через открывающуюся крышу. Они решают проблему перегруза на пограничных станциях при смене подвижного состава для разной ширины колеи.

– Преимущество перевозки в таких контейнерах множество. Верхняя загрузка насыпных грузов является альтернативой традиционным методам доставки угля в полувагонах. Кроме того, такой метод позволяет активно расширять географию отправок, – говорит руководитель АО «KTZ Express» Нурлан Игембаев.

Перевозку в контейнерах по новой технологии планируется организовать на регулярной основе – более 30 тысяч тонн грузов ежемесячно.

Фото автора



«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ» ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Инвестициялар және даму министрлігімен бірлесіп, Украинадағы жағдайға байланысты жүк тасымалына енгізілген шектеулер бойынша жиын өткізді.

Латвия, Финляндия, Грузия порттары және ТХКБ дәлізі (Транскаспий халықаралық көлік маршруты) арқылы жүктерді тасымалдаудың балама нұсқалары қарастырылуда.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде түйткілді мәселелерді реттеу үшін жедел штаб құрылды. Жүк жөнелтушілерге кеңес беру үшін «жедел желі» телефоны ашылды.

Кеден қызметіне қатысты сұрақтар бойынша 8 (7172) 60-30-19, 8 (701) 341-32-20 телефондары арқылы («ҚТЖ» ҰК» АҚ бас менеджері Гүлжан Хайруллинаға) хабарласуға болады. Жүктерді қайта бағыттау бойынша өтініштерді қабылдау мәселесіне қатысты (тағайындалған станцияларды өзгерту, бастапқы тиеу станциясына қайтару және т.б.) 8 (7172) 60-31-33, 8 (702) 164-55-39 телефондары арқылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас менеджері Саламат Әбжалиев кеңес береді. Ал Ресей, Украина, Беларусь және ЕО аумағында тасымалдауды ұйымдастыру мәселелері туралы «KTZ Express» АҚ департаментінің директоры Ермек Битиговке 8 (776) 019 07 78 телефоны арқылы хабарласуы қажет.

Ислам ТАЛІПАТ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗ
АРҚЫЛЫ КӨЛІКТІҢ
БАРЛЫҚ ТҮРІМЕН

23,8 млн

ТОННА ЖҮК
ТАСЫМАЛДАНДЫ.

ЛОКОМОТИВ
ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ
ОН БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ

419

ТЕПЛОВЗ
ҚҰРАСТЫРЫП
ШЫҒАРҒАН.

АҚМОЛА
МАГИСТРАЛЬДЫҚ
ЖЕЛІ БӨЛІМШЕСІ
АУМАҒЫНДА

790

ЖАСАНДЫ
ҚҰРЫЛЫСТЫ
КӨКТЕМГІ СУ ӨТКІЗУ
НАУҚАНЫНА
ДАЙЫНДАУДА.

Инфрақұрылым

ОҢТҮСТІКТЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

Көктем туа оңтүстік өңірде жол жұмыстары жанданып қоя берді. Жол және құрылыстар департаменті алға тартқан мәліметтерге сүйенсек, Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Меңлібай-Көктерек станциялары аралығында шаруашылық тәсілмен күрделі жөндеу жұмысы басталған.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

– Жалпы наурыз айында 11 шақырым жолды күрделі жөндеуден өткізу көзделіп отыр. Ағадыр ПЧМ мекемесінің ұйытқы болуымен биыл 50,6 шақырым жолға шаруашылық тәсілмен, ал мердігерлік тәсілмен 499,9 км жолға күрделі жөндеу жүргізілмек. Алайда, мердігер мекемелер тарапынан әзірше жөндеу жұмыстары бастала қойған жоқ. Олардың өз жұмыс кестелері бар, – дейді Жол және құрылыстар департаменті директорының күрделі құрылыс жөніндегі орынбасары Нұрсұлтан Танабаев.

Оның айтуынша, оңтүстік өңірде күрделі жөндеу енді қолға алынғанымен, күшейтілген орта жөндеу жұмысы қаңтардың соңына ала бастала кетіпті. Оған қысы жұмсақ жаймашуақ өңірдің ауа райы да қолайлы болған. Жалпы, 2022 жылы еліміз бойынша 70 шақырым жол күшейтілген орта жөндеуден өтпек. Биыл бұл жөндеу түрі Жамбыл магистральдық



желі бөлімшесінің Жамбыл-Қаратау телімінде УК-25 кранын пайдалана отырып, 30 қаңтарда басталған. Бүгінгі таңда 12,6 км жол немесе межелі жоспардың 18% орындалған. Наурызға жоспарланғаны – 21 км. Келесі бір жөндеу түрі – рельс табанын тұтастай алмастыру арқылы темір жолдарды жаңғырту. 2022 жылы бұл бағыт бойынша 164,47 км көлемінде жұмыс жүргізілмек. Қазір оның да 16% жуық көлемі орындалып қойған. Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Бейнеу-Шалқар телімінде

рельс табанын тұтастай алмастыру жұмысы ақпанда басталыпты.

– Устіміздегі жылы 75 шақырымнан астам жолдың рельс тіректерін тұтастай алмастыру жұмыстары да қарастырылып отыр. Кеше, 10 наурыз күні Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің Меңлібай-Көктерек арасында СМД-80 жол машинасын пайдалана отырып, бұл жұмысқа кірістік. Наурыз айында 5 км көлемінде рельс тіректерін ауыстыру межеленген, – деп соңғы ақпаратпен бөлісті Нұрсұлтан Танабаев.

Суретті түсірген Александр ЖАБҰҚ

Татьяна СУСЛОВА,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Бизнесті трансформациялау
орталығының блок
жетекшісі:



ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ – БҮЛ ӨЗ БІЛІК ТІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ, ОҚУ ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕГІ КОМПАНИЯДАН БІРЕГЕЙ ІС-ТӘЖІРИБЕ АЛУ ЖӘНЕ ӨЗ ӘЛЕУЕТІН ІСКЕ АСЫРУ МҮМКІНДІГІ. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӨЗГЕРІП ОТЫРАТЫН МАҚСАТТАРҒА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ЖАНА МАШЫҚТАРЫНЫҢ ЛАМУЫНА ҰҚПАЛ ЕТЕТІН БОЛАДЫ. ЯҒНИ, ТРАНСФОРМАЦИЯ БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН ЖАНА МҮМКІНДІКТЕР КӨКЖИЕГІ

РЕАЛИИ ДИКТУЮТ УСЛОВИЯ



Казakhstan и Азербайджан планируют создать совместное предприятие для развития Транскаспийского международного транспортного маршрута.

В рамках рабочего визита в Баку казахстанская делегация во главе с председателем правления АО «Самрук-Қазына» Алмасадом Саткалиевым провела встречу с министром цифрового развития и транспорта Азербайджана Рашадом Набиевым. Во время переговоров стороны обсудили вопросы унификации транспортных тарифов по коридору, синхронизации таможенных процедур для увеличения объемов грузоперевозок по международным транспортным коридорам, проходящим через страны.

– Происходящие в регионе события и геополитическая ситуация создали новую реальность. Уже есть риск того, что спрос превысит предложение, и эти факторы в конечном итоге повлияют на конечного потребителя. Так, увеличатся как стоимость поставки, так и период ожидания. Эта реальность диктует рассмотрение новых рамок сотрудничества и налаживание транзитно-транспортных сообщений, – отметил Алмасадом Саткалиев.

Кроме того, стороны обозначили значительный потенциал сотрудничества в сфере транспортировки нефти через Азербайджан, что может стать альтернативой существующим маршрутам.

Географические особенности Азербайджана и Казахстана – их расположение между крупнейшими экономическими центрами Европы и Азии – создали реальные предпосылки для обеспечения эффективной и налаженной транспортной сети между странами. Дополнительным импульсом для развития маршрута стало завершение строительства железнодорожной линии Баку – Тбилиси – Карс. Это позволило сократить время доставки грузов из Китая в Турцию через Казахстан до 12 дней.

По итогам встречи стороны подписали протокол о создании совместного предприятия и осуществления транзитно-логистической деятельности между АО «Самрук-Қазына» и Министерством цифрового развития и транспорта Азербайджана.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нұр-Сұлтан

ГОТОВЫ К НОВЫМ ОБЪЕМАМ



АКТУАЛЬНО

Морские порты Казахстана готовы к увеличению потока транзитных грузов на фоне обострения ситуации между ЕС и РФ. Выгодной альтернативой налаженной цепочке поставок сегодня является Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ).

Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

Геополитические изменения, происходящие из-за конфликта между странами Евросоюза и Российской Федерацией, уже приводят к трудностям для компаний транспортно-логистического сектора Казахстана при отправке грузов через российские и европейские морские порты.

Для урегулирования вопросов логистики перевозок казахстанских грузов Министерством индустрии и инфраструктурного развития РК и АО «НК «ҚТЖ» принимаются меры по решению проблем с транспортировкой. Так, прорабатывается возможность переориентации грузов, находящихся на территории России, на латвийские порты Рига и Венспилс. Ведутся переговоры с Министерством транспорта Латвии и администрациями их портов, а также РЖД.

– Латвийские коллеги заверили нас, что нет никаких проблем с транспортировкой казахстанских грузов, есть санкции и ограничения, которые распространяются на зафрахтованные у РФ суда, – проинформировал генеральный директор Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов.

В качестве альтернативы сухопутного маршрута по доставке грузов в Европу предложено использование маршрута через казахстанские порты Актау и Курык, минуя порты на Черном море, и далее по ТМТМ. Этот маршрут несколько длиннее, однако безопаснее. А регулярные фидерные линии в направлении портов Баку, Туркменбаши и Ирана в партнерстве с железнодорожными администрациями стран – участниц ТМТМ могут предоставить широкий логистический выбор для доступа на рынки Европы, Ближнего Востока, стран Закавказья.

При этом инфраструктура, техническое вооружение и современные технологические процессы перегрузки, которыми обладает порт Актау уже сейчас, способны удовлетворить потребности клиентов в безопасной и оперативной обработке практически любых видов грузов.

В цепочке Транскаспийского международного транспортного маршрута порт Курык занимает лидирующие позиции. В этом году здесь ожидается увеличения объема перевалки грузов минимум в пять раз.

– Экспортеры ищут новые выходы и маршруты. В этом плане ставка нашего Правительства по созданию портов на Каспийском море именно сейчас приобретает свою актуальность, – отметил генеральный директор порта Курык Серик Ахметов. – Мы уже в плотном контакте с казахстанскими экспортёрами. Доставка их продукции на классические рынки –

это архиважный вопрос для них, потому что за всеми этими компаниями стоят люди, рабочие места. И мы понимаем важность работы нашего порта в этом направлении, продемонстрировав нашу инфраструктуру.

Общая пропускная способность порта Курык по паромным грузам составляет 6 миллионов тонн, из них 4 миллиона относятся к железнодорожной, а остальные – к автомобильной составляющей. Через порт Курык перевалено 6 миллионов тонн грузов, а теперь эта цифра вырастет в разы, уверено руководство морской гавани.

– По нашим оценкам, за год порт может перевалить столько, сколько он перевалил за все время своего существования. Надо понимать, что порт Курык – это большой транзитный хаб для перевалки еврофура. По сути, вся логистика Турции построена на машинах, и турецкие грузоотправители заявляют о 50 тысячах машин, которые заходят на Центральную Азию. Мы также стоим на этом маршруте и предлагаем более короткий и быстрый способ доставки этой продукции. В настоящее время налажены контакты с двумя крупными казахстанскими экспортёрами угля и металла, – поделился Серик Ахметов.

ТӨРТ БАҒЫТҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Қандыағаш



Қандыағаш станциясының тарихы өткен ғасырдың басында салынған Орынбор-Ташкент темір жолымен байланысты. Былтыр кластан тыс сұрыптау станциясының құрылғанына 120 жыл толды.



Бүгінде республикалық маңызы бар Қандыағаш станциясы тоғыз жолдың торабына айналып, төрт бағытқа қызмет көрсетеді. Станцияда қуаты орташа сұрыптау дөңесі, 5 парктер тұратын 3 маневрлік аудан бар. Дөңесалды, сұрыптау, жөнелту, қабылдап жөнелту және Қандыағаш-2 парктер жұмыс істейді. Қазіргі таңда станцияда 7 бірдей маневрлік локомотив жұмыс істейді. Олардың ішінде 4 маневрлік локомотив құрамдарды парктерден қайта ауыстыру, вагондарды кіреберіс жолдарға және вагон жөндеу кәсіпорындары жолдарына ақелу, жинау, ағыту және тіркеу, вагондарды ауыстырып қою, жолаушылар пойыздарын өңдеу, Ақкемер және Темір станцияларының кіреберіс жолдарында вагондарды беру және жинау бойынша қызмет көрсетеді. 3 маневрлік локомотив дөңесітегі маневрлік жұмыстармен айналысады, оның екеуі құрамды жылжыту, біреуі сұрыптау паркі жолдарында жұмыс істейді.

Станцияның маневрлік жұмыстарын күшейту үшін Никельтау, Ембі, Шұбарқұдық бағытынан қосымша жолдар салынған. Сұрыптау дөңесі ГАЦ-АРС жүйесімен жабдықталған, 21 жолдан тұрады. Сұрыптау дөңесінің 3 тежегіш қызметі автоматтандырылып, 31 баяулатқыш орнатылған. Яғни Қандыағаш станциясы автоматтандырылған басқару жүйесі бар, теміржол желісі бойынша ірі сұрыптау станциясына жатады.

Станция бастығының орынбасары Талғат Бисалының айтуынша, 2020 жылы пандемия басталғанына қарамастан станция сұрыптау дөңесі арқылы 1 млн 100 вагонды өңдеуден өткізіп, рекордтық көрсеткіш орнатты.

Бүгінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «Ақтөбе жүк тасымалы» бөлімшесіне қарасты станцияда барлығы 244 адам еңбек етеді. Соның ішінде 51 станция кезекшісі, 32 пойыз құрастырушы бар. Осыдан-ақ, станция жұмысының ауқымдылығын байқауға болады.

Суретті түсірген Ардақ ЕРУБАЕВА

ЖҰМЫС ЖАНДАНА ТҮСКЕН

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Бірінші класты Ақтөбе станциясы екі бағытта жұмыс істейді: Илеқ және Қандыағаш бағыты. Өткен жылдың өндірістік көрсеткіштерін жоғары деңгейде жапқан станцияның биылғы қарқыны да жаман емес.



– Станция күніне орта есеппен 27 жұп жүк пойызын қабылдап-жөнелтеді. Сұрыптау дөңесінің тәулігіне 886 вагон өңдеп-өткізу мүмкіндігі бар, – дейді станция басшысы Нұрлан Ермағанбетов.

Барлық ірі қалалардағыдай Ақтөбе-1 және Ақтөбе-2 станциялары бар, олардың атқаратын жұмыс ерекшеліктері де бөлек. Мәселен, Ақтөбе-1 станциясында жолаушылар және жүк пойыздарын қабылдау және жөнелту, жергілікті және құрама пойыздарды өңдеу, жолаушылар пойыздарын жасақтау мен жабдықтау, тіркеме вагондарды жолаушылар пойыздарынан ағыту, пойыздарды техникалық байқаудан өткізу, кірме жолдардағы жүк операцияларын жүргізу, жүк операциялары аяқталғаннан кейін вагондарды тазалау, транзиттік пойыздардан локомотивтерді ажырату, маневрлік локомотивтермен жұмыс, локомотив бригадаларын ауыстыру, т.т. міндеттері кереді.

Ал Ақтөбе-2 станциясында демонтажға келген пойыздарды тарату, жергілікті және құрама пойыздарды өңдеу, пойыздарды қалыптастыру, пойыздарды техникалық және коммерциялық тексеру секілді жұмыстар атқарылады. Пандемия жағдайы жүк тасымалына әсер етпей қойған жоқ. Жүк түсіру, тиеу жұмыстарына шектеу шаралары станция жұмысына, жоспардың орындалуына белгілі бір деңгейде әсер етті. Әрине, коронавирустың індеттің салдарына қарамастан станция жұмысы тоқтаған жоқ. Теміржолшылар қауіпсіздік шараларын сақтап еңбек етті және жүз пайызға жуық вакцина алғанның арқасында теміржолшылар арасында өлім-жітім болмады. Ал бүгінгі таңда қауіпсіздіктің жасыл деңгейіне өткен Ақтөбеде теміржолшылар тірлігі жандана түскен.

Суретті түсірген автор

АЛАКӨЛГЕ «ТАЛЬГО» ҚАТЫНАЙДЫ



МЕМОРАНДУМ

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Сонымен бірге демалыс орнына жолаушы тасымалдаудың барлық пойыздардың жайлы болуына, сапалық деңгейін арттыруға назар аударылады. Мәселен, «Жолаушы тасымалы» АҚ-ның барлық вагондары желдетудің заманауи жаңа жүйесімен қамтамасыз етілмек.

Талдықорғандағы кездесу барысында Қанат Бозымбаев пен Нұрлан Сауранбаев инфрақұрылым мен транзиттік әлеуетті дамыту мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, Достық-Мойынты учаскесіндегі екінші жолдың және Алматы темір жол торабын айналып өтетін Жетіген-Қазыбек бек айналма желісінің құрылысын жүргізу мәселелері де сөз болды. Инфрақұрылым жобалары «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына енгізілген. Учаскелердің өткізу қабілетін арттырумен қатар жобалар мультипликативті нәтиже береді, сондай-ақ Алматы облысының экономикасына да оң әсер етеді. Құрылыс барысында

Биылғы туристік маусымда Алакөл бағытына «Тальго» жүрдек пойызы жүреді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы мен Алматы облысының әкімдігі осындай меморандумға қол қойды.



өңірдегі өндірушілердің құрылыс материалдарын пайдаланып, жергілікті мамандарды тарту жоспарланып отыр. Жалпы 3500 адамға жұмыс беріледі.

Кездесуге қатысушылар Алакөлге жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыруға ерекше назар аударды. Индет жағдайына қарамастан 2019-2021 жылдар аралығында курорттық аймақтарға барған жолаушылар легі 264% артқан. Өткен жылғы 11 жазғы маршрутты (8 – «Жолаушылар тасымалы» АҚ, 3 – жеке тасымалдаушылар) сақтай отырып, 240 мыңдай жолаушы тасымалдау жоспарланған. Бұл ретте ұсынылған орындардың жалпы саны 340 мыңнан асады. Сондай-ақ бұл бағытқа енді «Тальго» жүрдек пойызын шығарып,

қунара жүргізу жоспарланып отыр. Жолаушыларға жайлы, билет бағасы қолжетімді вагондар жүргізу үшін облыс әкімдігі тарапынан субсидиялау мәселесін шешу қажет.

Вагондарда кондиционер мен ыстық су жоқ, басқа да жағдайлар жасалмаған деген жолаушылардың шағымдарына байланысты облыс әкімі Қанат Бозымбаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ өкілдерімен бірлесіп жеке тасымалдаушы компаниялардың вагондарын аттестациялауды ұсынды. Енді әрбір тасымалдаушы пойыздарының жайлы болуына назар аударуы тиіс. Бұл ретте сұранысқа сәйкес купе типті вагондар саны ұлғайтылады. ҚТЖ күшімен Ақши, Көктұма, Жалаңашкөл станцияларында жолаушылар плат-

формасы ұзартылып, қорғаныс қалқандары орнатылды. Жиында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Достық станциясындағы корпоративтік тұрғын үйлерін жекеменшікке беру және инфрақұрылым жергілікті атқарушы органның балансына өткізу туралы мәселе де қозғалды.

Көтерілген мәселелер бойынша кездесу соңында Алматы облысы әкімдігі мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасында ынтымдастық меморандумына қол қойылды. Құжатта темір жол инфрақұрылымы жобаларын іске асыру, аймақтағы жүк тасымалы көлемін ұлғайту, Алакөл көлінің туристік әлеуетін арттыру мәселелері қамтылған.

Суретті түсірген Александр ЖАБҒУК

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУДА



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы өндірістік жарақаттану мен жазатайым оқиғалардың алдын алу және нөлдік жарақаттану деңгейіне қолжеткізу мақсатында былтыр біраз жұмыс атқарды. Нәтижесінде өткен жылы өндірісте жарақат алу оқиғасына жол берілген жоқ.

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан

Айталық, шағын механикаландыру құралдарына қызмет көрсету бойынша технологиялық карталар қайта әзірленіп, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар құжаттарға өзгерістер енгізіліп, желілік, аймақтық және тораптық деңгейдегі қауіпті әрекеттер мен тәуекелдер тізімімен жұмысшылар түгел таныстырылды. Сонымен қатар пайдалану жұмысының өндіріс барысында технологиялық процестің дұрыс орындалуын, жазатайым оқиға кезінде жұмысшылардың дұрыс әрекетін талдау және бақылау үшін 548 экшн камерасы сатып алынды. Трансформаторлық қосалқы станцияның, тарату орталығының кіріс және шығыс фидерлерінде «толық өтелумен» санатындағы жұмыстарды орындау кезінде жұмыс технологиясын өзгерте отырып, көрінетін үзілістерді қамтамасыз

ету үшін 10 кВ айырғыштардың 295 бірлігі сатып алынды. Ал ток беретін электр жабдығына рұқсатсыз кіруді болдырмау үшін 2432 құлып (оқшаулағыш патронмен) және 514 қауіпсіздік белдіктері сатып алынды. Сондай-ақ, магистральдық желі дирекциясы бойынша 36 нормативтік-техникалық құжаттама қайта жасалды.

Магистральдық желі дирекциясының қызметкерлері цифрлық технологияның жетістіктерімен жете таныс. Әсіресе, дирекция өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экология мәселелерінде Өндірістік қауіпсіздік ақпараттық жүйесін (ӨҚ АЖ) кеңінен пайдаланып, оның белсенді қолданушысы болып отыр. Күнделікті қызметте қызметкерлер өнеркәсіптік қауіпсіздік пен қоршаған ортаның жай-күйін ішкі бақылау барысында, сондай-ақ, тексеру парақтарын жүргізу және құрастыру үшін ӨҚ АЖ мобильді қосымшасын белсенді пайдаланады. ӨҚ АЖ-да орналастырылған постерлерді

барлық деңгейдегі басқару қызметіндегі басшылар мен орта буын мамандар әрбір планерка мен селекторлық кеңес алдындағы қауіпсіздік минутында, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беру кезінде пайдаланып келеді. ӨҚ АЖ жүйесінде жүргізілетін жұмыстарды талдау және бақылау үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің қызметкерлеріне ӨҚ АЖ жүйесінің үстелдік (компьютерлік) нұсқасы ыңғайлы екенін айтар едік. Дирекция алға тартқан мәліметке сүйенсек, 2021 жылдың қорытындысы бойынша қауіпсіздік мәдениетін арттыру және ӨҚ АЖ жүйесінің модульдерінде жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру шеңберінде онлайн режимде межелі 20554 адамның орнына 23 279 маман оқытылған. Сонымен ӨҚ АЖ мобильді қосымшасы арқылы былтыр ішкі бақылау бойынша 16 719 бұзушылық тіркелсе, жұмыс орындарында қауіптер мен тәуекелдердің алдын алу және қауіпті факторларды анықтау мақсатында қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогтарының нәтижелері бойынша 9145 сәйкессіздік рәсімделген.

Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы қорытындысы бойынша жазатайым оқиғалардың алдын алуға елеулі үлес қосқан және жаңа қауіпсіздік құралдарын белсенді қолданып жүрген үздік қызметкерлер анықталып, ынталандырудың әртүрлі номинациялары бойынша марапатталды. Осылайша, компания бойынша 432 адам ішінен Магистральдық желі дирекциясы жетекшілік ететін бөлімшелердің 163 қызметкері (немесе 38%) түрлі санаттағы сыйақылармен көтермеленіп, оның ішінде 12 қызметкер – 130 АЕК, 15 қызметкер – 20 АЕК, 101 қызметкер – 4 АЕК, 35 қызметкер 2 АЕК көлемінде сыйақы алды.

ШАРУАҢ ҚАЛАЙ, ШАҒЫР?



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Арыстың іргесінде орналасқан Шағыр станциясы шағын болса да маңызы зор. Екінші класты станция Шағырдан негізінен мұнай өнімдері тиеледі.

Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс

Тоқсаныншы жылдары шаруасы шатқаяқтап қалған Шағырдың бағы қайта жанған кез станцияның жанынан «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының шикі мұнай құю бекеті іске қосылған 2002 жылдан басталды. Мұнай компаниясына қарасты «Шағыр» мұнай құю бекетіне тартылған кірме жолдың эстакадаға сыйымдылығы – 40 вагон цистерна. Яғни тәулігіне 80 вагон цистерна шикі мұнай артуға есептелінген. Күні бүгінге дейін тұрақты жұмыс істеп келеді.

Шағыр станциясынан «РТС-оргатом» ЖШС мұнай тасымалдаушысы Өзбекстанның Қарыяна экспорты және Ахунбаев станциясындағы Бұхара және Ферғана шикі мұнай өңдеу зауытына экспортқа жүк тасымалдап жөнелтеді. Станция бастығы Бахытжан Қарынтаевтың айтуынша, шикі мұнай тиеу және тасымалдау бойынша өткен 2021 жылы жоспарға сай 39 845 тонна, яғни 650 вагон цистерна жүк артылған. Бұл – жақсы көрсеткіш.

Ал биылғы жылдың қаңтар-ақпан айында кірме жолда жүк тиеу болған жоқ. Себебі, қазіргі кезде станцияда қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Станция басшысы алдағы уақытта осы екі айдың орнын толтырып, жүк арту жоспарын 8000 вагон цистернаға жеткізуді жоспарлап отырғандарын айтты.

«Шағыр және Монтайтас станцияларында өткен жылы жоспар бойынша атқарылған жұмыстарға келетін болсақ, қозғалыс және еңбек қауіпсіздігі тұрақты түрде сақталды, ешқандай кемшіліктер жіберілмеді. Екі станцияда да адамдардың және ірі қара малдың теміржол бойына шығып кетпеуі үшін тұрақты түрде профилактикалық жұмыс жүргізуіміз. Әр станцияда ай сайын теміржол бойына жақын орналасқан елді мекен тұрғындарымен және мектептерге барып оқушылармен «Теміржол – қауіпті аймақ» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырамыз», – деді станция басшысы Бахытжан Арапбайұлы.

Тағы бір жаңалық, жүк түсіру және тасы-



малдау қызметінің артуына байланысты Монтайтас станциясы биыл 2022 жылдан бастап 4 класты станциялар тізіміне қосылып, статусы жоғарылады. Мұндағы «Аманкелді» кірме жолынан көбіне бидай өнімдері артылады.

Станцияда талай жылдан бері осы салада тер төгіп келе жатқан тәжірибелі теміржолшылар көптеп саналады. Себебі, Шағыр мен Монтайтас та Арыс секілді теміржолшы кәсібін ерте меңгерген. Станция бастығы «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысының Алғыс хатымен және «Кәсіби бойынша үздік» төсбелгісімен марапатталған еңбек озаттары – станция кезекшілері Н.Нұржанов, Ж.Мергенбаев, Д.Жаманбаев, Ғ.Сатынбеков, Ұ.Аманжолов, Ғ.Қарынтаев, М.Билалов және пойыз құрастырушылар С.Бастарбеков, Д.Қалиев, жүк қабылдап-тапсырушы Д.Абдикеримов, тауар кассирлері С.Қожамұрат, А.Абышова сынды теміржолшылар негізінен еңбек өтілдері жүздеген жылдарды құрайтын әулеттер өкілі екенін жеткізді.

Суретті түсірген автор

ЗА СПРАВЕДЛИВУЮ КОНКУРЕНЦИЮ



ФОРУМ

Вопросы развития конкуренции на рынке грузовых перевозок, тарифы и повышение эффективности железнодорожной отрасли Казахстана обсудили в ходе эксперт-форума «Магистраль».

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

В мероприятии на площадке национальной экспертной информационной платформы TransExpert.kz приняли участие заместитель председателя правления по стратегии и цифровизации АО «НК «КТЖ» Ануар Ахметжанов, заместитель главы Комитета транспорта МИИР РК Жанибек Тайжанов, руководство Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS», наблюдательного совета Ассоциации национальных экспедиторов РК и научно-исследовательского института транспорта и коммуникаций.

– На протяжении ряда последних лет идет активное обсуждение по вопросу введения конкурентной модели грузовых перевозок. С 2018 года частные перевозчики в пилотном режиме получили доступ на этот рынок. Сегодня уже свыше 40 компаний имеют соответствующие лицензии уполномоченного государственного органа, – отметил в своем выступлении Ануар Ахметжанов. – Есть определенные результаты, которые нам необходимо обсуждать, выработать совместные подходы и определить дальнейший план действий.

По его мнению, в условиях наличия единого перевозчика в лице КТЖ существующая тарифная сетка позволяла сохранять межотраслевой баланс,

региональный экономический баланс и баланс доходов и расходов компании.

– КТЖ не против конкуренции, однако необходимы системные меры по выработке конкурентных механизмов в грузовых железнодорожных перевозках, – подчеркнул Ануар Ахметжанов. – Действующая система тарифов была выстроена из понимания, что на рынке действует только один оператор локомотивной тяги, он же и единственный

наблюдаются более высокие затраты нежели маршрутные. Таким образом, действующая система предоставляет преимущество перевозчикам, оперирующим на кольцевых маршрутах на электрифицированных участках.

– Мы понимаем, что концентрация на доходных перевозках – это, естественно, рыночный выбор частных компаний. При этом нельзя забывать, что помимо доходных перевозок есть нерен-

КТЖ НЕ ПРОТИВ КОНКУРЕНЦИИ, ОДНАКО НЕОБХОДИМЫ СИСТЕМНЫЕ МЕРЫ ПО ВЫРАБОТКЕ КОНКУРЕНТНЫХ МЕХАНИЗМОВ В ГРУЗОВЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗКАХ.

тебельные, которые зачастую не интересны частным перевозчикам, но имеют большое социальное-экономическое значение, – говорит спикер. – КТЖ без права выбора осуществляет такие виды перевозок, теряя свою конкурентоспособность в рентабельных секторах. Не думаю, что это свойственно справедливой конкуренции.

В результате по итогам 2021 года 66% грузов АО «НК «КТЖ» перевезло ниже себестоимости. Операционные затраты частично покрываются другими видами грузов, включая доходы от транзита. Есть дисбаланс в регулировании услуги предоставления локомотивной тяги и по видам отправок. К примеру, затраты на тепловозную тягу превышают электротягу в 2,5 раза. А по вагонной отправке, которая в основном используется для малого и среднего бизнеса,

табельные, которые зачастую не интересны частным перевозчикам, но имеют большое социальное-экономическое значение, – говорит спикер. – КТЖ без права выбора осуществляет такие виды перевозок, теряя свою конкурентоспособность в рентабельных секторах. Не думаю, что это свойственно справедливой конкуренции.

– Сегодня по любым проблемам


пассажиры перевозок, даже если это частный перевозчик, люди обращаются в КТЖ. Для них пассажирские поезда – это КТЖ, – отмечает зампред по стратегии и цифровизации компании.

Передача подъездных путей и топливных комплексов также привела к увеличению тарифов. Сегмент локомотивной тяги – важный элемент в процессе перевозок, поэтому необходимо заранее просчитать все возможные риски.

– Для создания полноценных условий для конкуренции нужно сформировать новую методику тарифов на услуги магистральной железнодорожной сети, где будет прописано, что будет продавать МЖС и как будет осуществляться доступ. Кроме того, важно подготовить все необходимые положения, касающиеся работ отрасли в условиях множественности перевозчиков. После рассмотреть вопрос дерегулирования услуги по локомотивной тяге, чтобы перевозчики могли работать, используя свои конкурентные преимущества. И только после создания полноценных условий открыть доступ к МЖС, – считает Ануар Ахметжанов.

Вместе с тем нужно законодательно закрепить эксклюзивное право транзитных перевозок за национальным перевозчиком.

Что касается повышения эффективности АО «НК «КТЖ» и инфраструктуры, спикер проинформировал, что в рамках программы трансформации уже запущен ряд проектов по повышению эффективности локомотивной тяги, подвижного состава, инициирована масштабная автоматизация информационных систем и IT-инфраструктуры.



РЕГИОН ПРИТЯГИВАЕТ ГРУЗЫ

Айлин БАУРЖАН,
Актау



ПОРТ

Руководство АО «НК «Актауский морской торговый порт» встретилось с представителями АО «АрселорМиттал Темиртау».

В ходе встречи стороны обсудили вопрос возобновления отправки металлопродукции через порт Актау в направлении Египта и Ливана.

По словам руководителя отдела внешней логистики АО «АрселорМиттал Темиртау» Сергея Долженко, компания планирует возобновить перевозки горячекатаных рулонов, холоднокатаных рулонов, жести в пачках, оцинкованного листа через порт Актау с дальнейшей отправкой через Азербайджан, Грузию в направлении Египта и Ливана в объеме 30-50 тысяч тонн в месяц.

В свою очередь председатель правления АО «НК «Актауский морской торговый порт» Абай Турикпенбаев рассказал о роли порта в Транскаспийском международном транспортном маршруте, перспективах и дальнейших планах, направленных на развитие контейнерной перевалки грузов через порт.

Так, он отметил, что за январь 2022 года через порт перевезено порядка 281,1 тысячи тонн грузов, из них: 191,7 тысячи тонн нефти, 39,8 тысячи тонн зерна, 10 тысяч тонн металла и 39,6 тысячи прочих грузов.

По окончании встречи для гостей провели экскурсию по территории объекта. Работа в порту Актау не останавливается круглые сутки. Полным ходом идут погрузка и разгрузка судов, производятся складские и швартовые операции и так далее. Этому способствует отличная техническая оснащенность порта, имеющего портальные и мобильные краны, портовые тягачи, полуприцепы, парк погрузчиков.

Фото автора

ПОБЕДИТЕЛЯМ ВРУЧИЛИ НАГРАДЫ

Ольга СТЕБЛЯНКО,
Усть-Каменогорск



НОВАТОРСТВО

В Семейском отделении грузовых перевозок наградили победителей второго этапа конкурса «Уздік рационализатор». Лучшими признали новаторов из Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ГЧЭ-22) и Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24).

В течение 2021 года рационализаторы филиала разработали и зарегистрировали на сайте Центра научно-технической информации и анализа АСУ НТИ два рационализаторских предложения. По итогам прошлого года в конкурсе «Уздік рационализатор» на первом уровне приняли участие 14 авторов из эксплуатационных вагонных и локомотивных депо Семейского отделения грузовых перевозок. Лучшие работы направили на конкурс второго уровня.

Первое место в конкурсе занял машинист тепловоза Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Алексей Пермяков, который выдвинул предложение «Фиксатор соединительного рукава для тормозов железнодорожного подвижного состава», направленное на повышение безопасности движения.

Согласно приказу директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Семейское отделение грузовых перевозок» Сызбека Алишева «О выплате премий победителям конкурса «Уздік рационализатор», денежное вознаграждение Алексею Пермякову составило 70 тысяч тенге.

Второе место занял начальник производственно-технического отдела Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Игорь Громов с предложением «Приспособление для смены пружин тележки типа ЦНИИ-ХЗ», направленным на улучшение условий труда. Премия составила 60 тысяч тенге.

На третьем месте – рационализаторское предложение Игоря Громова «Буксовый узел для вывода вагона с перегона с разрушившимся буксовым узлом», которое направлено на повышение уровня надежности устройств. Премия – 50 тысяч тенге.

Сегодня в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», как отмечают железнодорожники, с вниманием относятся к рационализаторским предложениям и поощряют их авторов.

Преимущество

ДИАЛОГ ДВУХ СТОРОН

Студенты Карагандинского железнодорожного колледжа познакомилась с условиями реального производства, в которых в скором времени им придется работать. В рамках сотрудничества с потенциальными работодателями они посетили Карагандинское отделение ГП и эксплуатационное локомотивное депо (ГЧЭ-14).

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В настоящее время колледж выпускает помощников машинистов тепловоза, техников-электромехаников, приемосдатчиков груза и багажа, слесарей по контрольно-измерительным приборам и автоматике. Это те специальности, которые сегодня востребованы и актуальны на рынке труда.

– Очень важно, чтобы на производстве работали высококвалифицированные специалисты – профессионалы своего дела, – считает директор Карагандинского отделения ГП Марлен Кокрекбаев.

Руководители структурных подразделений подготовили презентации с подробной характеристикой железнодорожных



структур региона и с демонстрацией их мощного потенциала. У каждой из них, безусловно, есть сильные и слабые стороны, последние необходимо развивать с помощью новейших технологий – внедрением эффективных расщеплений с экономическим эффектом. Лучшие проекты

поддерживаются материально. С целью выявления лучших и способных ребят в стенах колледжа проводятся олимпиады профессионального мастерства. В их программы входят теоретический тур, тестирование с использованием компьютерных технологий, выполнение практи-

ческих заданий на тренажерах с устранением различных неисправностей. Таким образом, учащиеся демонстрируют уровень владения профессиональными и общими компетенциями, применяя теоретические знания в практической деятельности при выполнении основных заданий.

В рамках взаимодействия будущих железнодорожников и работодателей проводятся «круглые столы» на тему «Развитие профессиональных и личностных компетенций как фактор повышения конкурентоспособности молодого специалиста».

– В современных условиях для любой образовательной среды очень важно создание эффективного диалога между профессиональным образованием и предприятиями-работодателями, так как невозможно подготовить специалиста в отрыве от производства. У ребят в период практики есть возможность познакомиться с новыми технологиями и освоить их, а после окончания колледжа прийти к нам. А мы, работодатели, должны им в этом помочь, – заключил начальник эксплуатационного локомотивного депо Асан Умбетов.

Фото автора

ПОВЫШАЯ КУЛЬТУРУ ПРОИЗВОДСТВА



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Все запланированные работы по обеспечению надежности устройств электроснабжения и безопасности движения проводятся без срывов и в установленные сроки. Так, с начала года проведен текущий ремонт высоковольтных линий автоблокировки и продольного электроснабжения протяженностью 2,68 километра, текущий ремонт низковольтных воздушных линий протяженностью 1,34 километра. К слову, в период с 2011-го


по 2018 год проведена модернизация воздушных линий ВЛ-10 кВ фидера автоблокировки и продольного электроснабжения, строительство производственных зданий, сооружений.

На данный момент в дистанции работают 84 человека. Хорошо оснащенный технический класс, учебные полигоны на станциях Шелек, Алтынколь, Коскудык, Сары-Озек позволяют ежегодно повышать квалификацию в среднем 15 работникам дистанции.

– Мы должны обеспечить надежную и экономичную работу всех устройств

и оборудования, осуществлять меры по предупреждению отказов, браков в работе при неуклонном выполнении ПТЭ и требований, – говорит главный инженер Шелекской дистанции электроснабжения Сергей Сун-Ки-Ю.

В дистанции особый упор делают на техническую учебу по повышению эффективности и качества работы, производительности труда, обеспечения безопасности движения поездов. Инженерный состав дистанции, имеющий опыт работы на всех этапах производства, вполне можно назвать продуктивным.



К слову, ведущий инженер по охране труда Алмагуль Байгалыева, начальник производственно-технического отдела Алмас Накысбеков, ведущий инженер

службы безопасности и охраны труда, производственной безопасности и экологии Альфия Бахридина, менеджер по персоналу Шолпан Ахметжанова, мастер производственного обучения Ермек Крикбаев и другие сами пишут историю своего предприятия.

Многие специалисты работают со времен строительства железнодорожной ветки Жетыген – Алтынколь – го-страна. Мон-тажики дистанции принимали участие во многих инновационных проектах. Большие надежды здесь возлагают на молодежь как на надежную смену.

В границах обслуживания дистанции 4 района электроснабжения, 4 линейно-монтерских пункта, подстанция ПС-35/10 кВ Алтынколь, ремонтно-ревиссионный участок, ремонтно-механическая мастерская. Протяженность высоковольтных линий электропередачи, обеспечивающих основное и резервное питание устройств, связанных с движением поездов, составляет 852,7 километра.

Фото автора

ҚҰРМЕТ ПЕН ҚОШЕМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев Қазақстанның теміржол саласында еңбек етіп жүрген аруларын құттықтады.



Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

«Бұл ән – бұрынғы әннен өзгереді» дегендей, биылғы мереке теміржолшы қыз-келіншектер үшін тосын-сыйға толы болды. Ұлттық компания басшысы нәзік жандары төл мерекелерімен құттықтады. «Жолы – темір, ал адамдары – алтын» дейтін теміржолда әйелдер қауымының ролі ерекше. Сіздерге мықты денсаулық, толағай табыс және әйел бақытын тілеймін!», – деп ақжарма тілегін арнаған Н. Сауранбаев мереке иелелеріне Алғыс хат пен Құрмет грамотасын табыс етіп, тағы бірқатар қызметкерді «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады. Алғыс хатпен марапатталғандарға – 6 АЕК, Құрмет грамотасына ие болғандарға – 8 АЕК, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісін алғандарға 40 АЕК көлемінде арнайы сыйақы берілді.

Ұлттық компания орталық ғимаратының үшінші қабатында ханымдар құрметіне ұйымдастырылған арнайы фуршет пен концерт әйелдерге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Бір айта кетерлігі – концерттік бағдарламаға сырттан әншілер шақырылмай, ҚТЖ компаниясының ер азаматтары өз өнерлерін көрсеткені әйелдер қауымы үшін нағыз тосын-сый болды. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған салтанатты жиында теміржол аруларына ерекше құрмет көрсетілді.

Мереке құрметіне «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылығы көп балалы және балаларды қамқорлығына алған әйелдерді арнайы марапаттады. Еңбекте абыройлы қызмет атқарумен қатар отбасында асыл жар, аяулы ана болып жүрген 25 нәзік жан несін Серіктестік бас директорының орынбасарлары Қанат Көбесов пен Нұржан Қалдыбатыр құттықтап, жоғары кәсібилігі мен еңбекқорлығы, өз ісіне деген адалдығы үшін алғыс білдірді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Шуақты көктемнің алғашқы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнін аймақтар да кең көлемде атап өтті. Оған карантиндік шектеулер саябырсып, аймақтардың қауіпсіздіктің жасыл деңгейіне көшуі де себеп болғаны анық.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» Батыс аймақтық филиалының басшылары теміржолшы қыз-келіншектерді мерекелендіріп құттықтап, әлемге ізгілік нұрын сепкен әйел затына тағзым етті. Мерекелік форматтағы кездесуге бөлімшенің барлық нәзік жан иелері арнайы шақырылып, оларға құшақ-құшақ гүл шоқтары табыс етілді. Ана туралы әндер шырқалып, естен кетпес ерекше кеш өтті.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде мыңның үстінде әйел адам жұмыс жасайды. Бірі станцияда, бірі жол күтімінде, енді бірі байланыс саласында, жолсерік, жүк қабылдаушы, кассир, инженер, т.б. әрқайсысы темір жолдың табысын еселеу жолында тер төгіп жүр. «Темір жол әйел қауымы үшін қиын сала екенін бәріміз білеміз. Соған қарамастан сіздер өз міндеттеріңізге адалдық танытып, барлық қиындықтар ерлермен иық тірестіре бірге атқарып келесіздер. Үйде – ана, ене, жұбай, апа, сіңлі, қарындас, келін, аяулы қызы бола



жүріп, жұмыста білікті мамансыздар. Ел темір жолы қанша өркендесе, сіздердің де сонша қолтаңбаларыңыз бар. Мереке құтты болсын, отбасыларыңыз аман, ұрпақтарыңыз бүгін, болашақтарыңыз жарқын болсын!» деді мерекелік



жиында әйелдерді құттықтаған бөлімшенің бас инженері Бауыржан Қартан. Бөлімше жігіттері атынан қыз-келіншектерге кәсіподақ ұйымымен бірлесіп отырып дайындаған сыйлықтар мен гүл шоқтары табыс етілді. Дина Нұрпейісова атындағы Атырау музыка колледжі өнерпаздарының орындауындағы концерт шара шырайын аша түсті.

Семей жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Сиязбек Әлішев бөлімшеде еңбек ететін күміс алқабы көп балалы аналарды арнайы қабылдады. Бөлімше басшысы әйелдер қауымының жауапкершілігі мол теміржол саласында ерлермен тізе теңестіре абыройлы еңбек етіп жүргенін жеткізе келе, үйде де, түзде де жасампаздықтың жарқын үлгісі аналар қандай құрметке де лайық

екенін жеткізді. Шалғайдағы станцияларда қызмет етіп жүрген көп балалы аналарға мерекелік сыйлық жасалып, гүл шоқтары тарту етілді. Қызылордалық ер азаматтар мерекесі күні әйелдерді таңалағуымен кіреберісте гүл шоқтарымен қарсы алды. «Түнгі ауысымнан шыққан және жұмысқа келген әріптес аруларды есік алдында күтіп алып гүл мен сыйлық ұсындық. Және Сексеуілден бастап Сауран станциясы арасындағы барлық бекеттердегі әріптестерімізді мерекелерімен құттықтадық. Бөлімше қыздарының еңбектеріне алғыс айтамыз, отбасыларына береке-бірлік, денсаулық, нағыз әйел бақытын тілейміз», – деп ізгі тілегін жеткізді Қызылорда ЖТ бөлімшесінің кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Өмірзақұлы.

Еліміздің Түркіменстанмен шекарадағы Болашақ бекетінде еңбек етіп жүрген әйелдер қауымын станция бастығы Мақсат Нұрбеков бастаған ерлер қауымы құттықтап, кәсіподақ ұйымының атынан 16 теміржолшы аруға тұрмыстық техника мен ыдыс-аяқ жиынтығын сыйға тартты.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе, Қосыйым МҰҚАШЕВ, Атырау, Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда, Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау

С ЗАБОТОЙ О СОТРУДНИЦАХ



По весенней традиции букетами цветов и подарками руководство АО «НК «ҚТЖ» и ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» поздравило на рабочем месте с 8 Марта сотрудниц Автоматизированного центра управления перевозками (АЦУП).

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Сұлтан

«С праздником, любимые!» – под таким девизом поздравить с весенним праздником женский коллектив АЦУП первым пришел и. о. генерального директора (председателя правления) ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Владимир Петров.

Он отметил, что сегодня на казахстанской железной дороге трудятся более 26 тысяч женщин. Каждая из них нашла свое призвание среди множества железнодорожных специальностей. При этом работа на магистрали требует не только высокой квалификации, но и полной самоотдачи. К примеру, диспетчеры АЦУП, чья работа требует максимальной концентрации и внима-

ния. Именно от их профессионализма зависит бесперебойное и безопазное движение поездов.

– Эксплуатационный грузооборот достиг 239 миллиардов тонно-километров нетто, что является историческим максимумом за все годы независимости. Достичь подобных показателей удалось и благодаря работе диспетчеров ТОО «ҚТЖ –

Грузовые перевозки». Но именно женщинам приходится нести бремя ответственности как на работе, так и в семье. Своим ежедневным трудом они доказывают, что современной женщине многое по силам. Желаем вам безграничного счастья, исполнения желаний, здоровья, долгих счастливых дней и успехов в делах, – пожелал Владимир Петров.

В свою очередь сотрудницы АЦУП, рабочая смена которых пришлась на праздничный день, отметили, что поздравление руководства во время рабочей смены радует и поднимает настроение.

– Большое спасибо руководству за внимание и слова поздравления непосредственно в день праздника. Это очень важно, ведь наша работа требует большого знания, терпения, внимания. Но мы ценим и любим стальную магистраль, – поделилась диспетчер АЦУП Жанара Анафина.

Сегодня в АЦУПе работают 68 диспетчеров, из них 20 женщин. Все они профессионалы, имеющие большой опыт в службе движения. Видя эти счастливые лица, мы, как и все присутствовавшие мужчины, получили огромный заряд позитива.

Фото Александра ЖАБЧУКА

Спорт



ПРОФСОЮЗНАЯ ЛЫЖНЯ

Павлодарские железнодорожники приняли участие в зимних видах спорта и региональном турнире по бильярду, посвященные 30-летию со дня образования отраслевого профсоюза.

Мадина ЕЛЕУКЕН,
Павлодар

Председатель павлодарского филиала АО «Казпрофтранс» Рафаил Сабаров и инструктор по спорту Наталья Мартынова провели учебные занятия по лыжным гонкам на базе отдыха «Зеленая роща».

В состязании под названием «Профсоюзная лыжня» приняли участие представители различных железнодорожных предприятий, пенсионеры железнодорожной отрасли. Каждый спортсмен преодолел дистанцию 1 и 2,5 километра.

Кроме того прошел региональный турнир



по бильярду, в котором приняли участие все структурные подразделения Павлодарского отделения ГП. Победителем стал инспектор-приемщик Екибастузского эксплуатационного вагонного депо Мерхат Скаков, второе место занял помощник машиниста Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо Алмат Кауменов, тройку лидеров замкнул начальник отдела снабжения «Павлодартранстелеком» Сержан Шагиров. Победителей наградили грамотами и призами.

Фото автора

НАВСТРЕЧУ ЮБИЛЕЮ

В Уральске прошел турнир по волейболу среди структурных подразделений АО «НК «ҚТЖ», в котором приняли участие семь команд железнодорожников. Товарищеская встреча посвящена 30-летию создания профсоюза работников транспорта.

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Площадку для спортивных состязаний предоставила подшефная железнодорожникам школа №45. Соревнования шли три вечера, в них приняли участие команды волейболистов Уральской дистанции пути (ПЧ-1), Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7), Уральского филиала военизированной железнодорожной охраны (досмотровая служба), АО «Транстелеком» (ТТК) в первой подгруппе, во второй подгруппе – Уральской дистанции электроснабжения (ЭЧ), Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1) и сборной станции Семиглавы Мар.

Перед началом турнира команды тепло поздравили председатель профкома по Уральскому региону Едил Альпысов, затем им напомнили правила и провели инструктаж инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Бекзат Гилманов и спортивный инструктор Актюбинского отделения ГП по Уральскому региону Болат Карлибаев. Спортсменов поддер-

живали товарищи по цеху, родственники и, конечно, председатели цеховых профсоюзных комитетов.

В полуфинал вышли те, кто в стыковых играх своих подгрупп занял первые и вторые места: в первом полуфинале команды команды ПЧ – Семиглавы Мар, во втором финале команды ШЧ – ТЧЭ. Борьба за каждое призовое место велась нешуточная.

– Все матчи проходили азартно, интересно, увлекательно, участники проявили командный дух и волю к победе, – отметил Бекзат Гилманов. – Команды-полуфиналисты показали яркую игру.

В борьбе за третье место путевцы (ПЧ-1) не на шутку схлестнулись с Уральской дистанцией сигнализации и связи (ШЧ-7), поначалу уверенно вели, но в итоге связисты победили в матче с результатом 2:0.

С предвкушением ждали болельщики финальную игру. В сборной Семиглавы Мара – в основном молодые ребята, они оказались открытием сезона в 2021 году, неожиданно став бронзовыми



призерами декабрьских игр. В команде локомотивщиков (ТЧЭ) же большая часть – взрослые мужчины. С первых минут матча в зале пошла настоящая жара. Молодые игроки Семиглавы Мара оказались достойными противниками опытной команды ТЧЭ. Шли «ноздря в ноздрю», и только на последних минутах локомотивщики буквально вырвали победу у противника с итоговым счетом 2:0.

Таким образом, победителем первенства по волейболу, посвященного 30-летию образования АО «Казхстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта», стала команда Уральского эксплуатационного локомотивного депо, серебряным призером – сборная Семиглавы Мара, на третьем месте – Уральская дистанция сигнализации и связи, почетное четвертое место заняла Уральская дистанция пути. Все призеры награждены дипломами и ценными призами.

Фото автора



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыздықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Еруббаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күнәлі берілді.